



# Ақмешіт

4 сәуір  
сенбі

№24 (2236)

2026 ЖЫЛ

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ

Облыс орталығында жүзеге асқан ірі жобалардың бірі – Президент саябағы. Саябаққа күрделі жөндеу жүргізу басталғанын естігенде қала тұрғындары қатты қуанды. Себебі халық игілігі үшін мұндай демалыс орындары қажет-ақ. Наурыз мерекесі қарсаңында жаңа саябақ ресми түрде ашылды. Сол уақыттан бері ол жерде тұрғындардың қарасы қалың. Жаңа кейіпке енген саябақтың кереметтілігін айтып, жарыса жазып жүргендер көп. Халық қуана айтып жүрген Президент саябағын аралап, жаңа инфрақұрылыммен танысудың сәті түсті. Ашылғанына көп уақыт болмаса да бұл саябақ қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналып үлгерген. Мұнда тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы демалысын қамтамасыз етуге бағытталған барлық жағдай жасалған.

Жаңа жоба аясында саябақ ішінде 3 алаң, 6 субұрқак, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, 4 фудкорт және аттракциондар орналасқан. Одан бөлек, теннис үстелдері, айналмалы дөңгелек аттракцион, тамақтану ғимараттары, би алаңы, стритбол, вело, жүгіру жолақтары, сахна, саябақ ішіндегі сарқырама каналдары салынған. Мұнда тұрғындар мен қонақтардың белсенді демалысы үшін шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, арқан саябағы және серуен жолдары қарастырылған. Кейбір аттракциондарды орнату жұмысы жүріп жатыр. Ал кешкі уақытта саябақ аймағы жарық шамдардың әсем түстерімен безендіріліп, келушілер үшін ерекше атмосфера қалыптастырады.

– Қалаға жақын жердегі Бесарық ауылынан арнайы келіп тұрамыз. Отбасымызбен келдік. Таза, кең, балаларға да қауіпсіз. Кешке серуендеуге таптырмас орын болды. Әсіресе, субұрқактардың үйлесімі тұрғындарға ерекше көңіл-күй сыйлайды. Отбасымен демалып жүргенде керемет әсерге бөленесің, – дейді ауыл тұрғыны.

2-БЕТТЕ



© Айтпалыққызыр Қошпақы

### САРАПТАМА

## ҚАЗАҚША ЕСІМДІ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫРАЙЫҚ

НЕМЕСЕ АРАБША АТТАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Барлық халықта жаңа туған балаға есім беру ерекше мәнге ие. Қазақ халқында бұл ұлттық рухани болмыс пен тарихтың айнасы іспеттес. Мәселен, 2010 жылы Астанада өткен Саммиттен кейін кейбір ата-аналар балаларына Нұрсаммит, Саммит сияқты есімдерді қоя бастағанына куә болдық. Сол сияқты, Азида спорттық ойындары өткен жылдары ата-аналар дүниеге келген балаларына Азида есімін таңдаған. Бүгінде айналамызға қарасақ, төл түркі сөздерінен емес, араб тілінен енген есімдердің қатары көбейген. Қазақ санасына сыналған кірген құбылыс қазіргі таңда қалай өзгеруде? Зерттеп көрдік.



Жазушы Нұрлыбек Саматұлы араб сөзін жаңа туған нәрестенің есімі етіп қою дін таратудың ежелден келе жатқан көп тәсілдерінің бірі екенін айтады. Бұдан ел ұлттық бояуынан айырылып, ата-әже, әкелеріміздің есімдері осылайша арабтанып кеткен. Ал кейінгі заманда исламға мойынсұнған халық балаларына араб есімдерін білместіктен қойып келеді. – Жазушы Шыңғыс Айтматов былай дейді: «...ғұн, түрік, хорезм жазуын түп орнымен жойған араб басқыншылары келесі кезекте халықтың рухани мәдениетін, яғни салт-дәстүрін алмастыруға,

жер атауларын өзгертуге, кісі есімдерін арабшалап қойғызға, Наурыз мерекесінің орнына құрбан айтты кіргізуге айрықша күш салған». Шыңғыс Айтматов айтқан араб басқыншылары бұнымен шектелмеген. Ал Мұхтар Шаханов: «Арабтар елді рухани құлдыққа салудың төте жолы алдымен байырғы дінін ауыстыру, сосын жазуын құрту деп білген» – дейді. Қазіргі кезде қазақ бұдан саналы түрде арылып, таза түркілік есім қоюы керек. Өйткені «әкеннің, атаңның аты арабша» деп көзге шұқып көрсететіндер қай заманда да кездеседі, – дейді «Таң-Шолпан» журналының бас редакторы Нұрлыбек Саматұлы.

3-БЕТТЕ

### ФАКТЧЕКИНГ

Қазақстанда қаржы жүйесін цифрландыру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Соның ішінде цифрлық тенге жобасы – ел экономикасындағы ірі реформалардың бірі. Бастама мемлекеттік қаржыны тиімді басқаруға, ашықтықты арттыруға бағытталғанымен, оның айналасында жаңа қауіптер де пайда болуда.



## ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛ ЕМЕС

ҚР Ұлттық банкі төрағасының кеңесшісі Бинұр Жаленовтың мәлімдеуінше, айналымда шамамен 300 миллиард цифрлық тенге бар. Ал барлық мемлекеттік қаржыны цифрлық тенгеге ауыстыру үшін 3-5 жыл қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша алдағы жылдары барлық бюджеттік және квазидюджеттік шығыстар цифрлық форматқа қою мүмкін.

2-БЕТТЕ

## ЖҮГЕРІ ӨНДІРІСІ КЕНЕЙІП, СУ ҮНЕМДЕЛЕДІ

Газеттің өткен санында Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымы Серікбай Өмірзақовпен сұхбат жарияланған еді. Сұхбатта Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Қызылорда облысындағы су тапшылығы, суды үнемдеу жайы кеңінен жазылды.



Бүгінгі таңда су мәселесі ауыл шаруашылығының болашағын айқындайтын негізгі факторға айналып отыр. Күріш – шығыны көп, суға тәуелді дақыл. Сондықтан бөлінген қаржы да, атқарылатын агротехникалық шаралар да, түптеп келгенде, алқаттың сумен қамтылуына тікелей байланысты. Соңғы жылдары су тапшылығы болып, тәуекел айтарлықтай артып отыр. Бұл жағдай суармалы егіншіліктің қазіргі ахуалын қайта саралап, нақты әрі батыл шешім қабылдауды қажет етуде.

– Күрделі жағдайға байланысты бұрын орта есеппен 85 мың гектарды құраған күріш алқабы биылғы жоспар бойынша 70 мың гектарға дейін қысқартылып отыр. Шамамен 15 мың гектарға жуық жердің кеміуі шаруалар үшін оңай шешім болмаса да, қазіргі ахуал осындай қадамға баруға итермелеуде, – дейді ғалым.

2-БЕТТЕ

### ТАЗА ҚАЛА

Тазалық. Кез келген адам үйінің де, тұратын жерінің таза болғанын қалайды. Себебі тазалық адамға керемет көңіл-күй сыйлайтыны белгілі. Мәселен, қала ішінде кетіп бара жатып, жан-жағына қараған кезде мұнтаздай таза болса керемет емес пе?! Ал қояқ жатқанын көрсеніз, көңіліңіз әп-сәтте бұзылады. Сондықтан да тазалыққа әрбір адам үлес қоса білуді тиіс. Көктем келіп, ауаларды ретке келтіретін уақытта жетті. Осы мақсатта қаламызда санитарлық талаптарды күшейту мақсатында арнайы рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Мақсат – көшелер мен ауалардың тазалығын бақылау, заңбұзушылықтардың алдын алу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру. Себебі тазалыққа немқұрайлы қарайтындар саны әлі де азаймай тұр.

## ТАЗАЛЫҚ ТАЛАБЫ КҮШЕЙДІ: ТҰРҒЫНДАР ДАЙЫН БА?



© Айтпалыққызыр Қошпақы

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қала аумағында құрылыс пен тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген орындарға тастап, абағандыру қағидаларын бұзу фактілері бойынша рейд жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлердің ауалары, жеке секторлар, сауда орындары мен қоғамдық орындар тексерілді. Айта кету қажет, рұқсат етілмеген, арнайы белгіленбеген орындарға қояқ тегу, құрылыс материалдарын көше бойына қою, абағандыру қағидаларын бұзу фактілері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабына сәйкес шара қолданылады.

Мамандардың айтуынша, кейбір тұрғындар тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген орындарға тастау, құрылыс қалдықтарын рұқсатсыз шығару секілді заңбұзушылықтарға жол беруде. Мұндай жағдайда ескерту жасалып, тиісті әкімшілік шаралар қолданылуда.

Сонымен қатар рейд барысында кәсіпкерлік нысандардың маңайындағы тазалыққа да ерекше назар аударылды. Кейбір дүкен иелеріне аумақты талапқа сай ұстау жөнінде ескерту берілді. Мұндай рейдтік шаралар алдағы уақытта да жалғасуда. Сала мамандары тұрғындарды қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, тазалық сақтау мәдениетін қалыптастыруға шақырды.

Қала тазалығы бір мекеменің ғана емес, тұрғындардың да қолында. Мәселен, «Қызылорда тазалығы» мекемесі бүгінде қала тазалығын сақтау үшін тынымсыз жұмыс істеуде. Ауланы ретке келтіріп, ұқыпты ұстау санитарлық талап қана емес, мәдениет пен талғамның белгісі. Тазалық табалдырықтан басталатынын ұмытпайық.

Айтпалық АЙТЖАНОВА

## ЖҮГЕРІ ӨНДІРІСІ КЕҢЕЙІП, СУ ҮНЕМДЕЛЕДІ



Профессор Серікбай Өмірзақов су үнемдейтін және суды аз тұтынатын дақылдардың балама нұсқалары бар екенін, алайда бұл мәселені «күріштен бас тартып, орнына басқа дақыл еге салу» деген қарапайым түсінікпен шешу мүмкін емес екенін айтады.

– Қазіргі таңда жүгері алқабын кеңейту бағытында нақты жоспар қарастырылуда. Инвестиция тарту арқылы 24 мың гектарға жуық жаңа жер ашу жобалары талқыланып, онда жанбырлатып суару технологиясын қолдану көзделіп отыр. Бұдан бөлек, егісті әртараптандыру мақсатында техникалық дақылдар мен мал азықтық бағыттағы арпа, бидай, жоңышқа сияқты өнімдердің үлесін арттыруға болады, – дейді ғалым.

Жүгері – белгілі бір деңгейде су ташымлығына тәзімділігімен ерекшеленетін, алайда ылғал жеткілікті жерде өнімділігі

атыздап суаруға лайықталса, жүгері үшін жанбырлатып немесе өзге де жүйелі суару әдістері тиімдірек саналады, – дейді Серікбай Өмірзақов.

Президент айқындаған экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттер аясында өткен жылы тамыз айында Жетісу өңіріндегі ірі өндіріс орындарының бірі – «Жаркент крахмал-сірне зауытымен» келіссөз жүргізілді. Серіктестіктің қолдауымен облыста жүгері дақылын терең өңдейтін жаңа зауыт салу жөнінде келісім орнады. Нәтижесінде Сырдария ауданында жүгері дақылын терең өңдеу зауытының іргетасы қаланды.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа жобаның басталуымен құттықтап, агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.



айтарлықтай артатын дақыл. Бүгінде бұл өнім еліміздің Алматы, Жетісу, Жамбыл және Түркістан облыстарында кеңінен өсіріліп келеді, сондай-ақ біздің өңірде де бұл бағытта жинақталған тәжірибе бар. Қытай мамандарымен бірлескен жоба аясында Шиели ауданының аумағында жүгеріні ірі көлемде егіп көру тәжірибесі қолға алынды. Былтыр басталған бұл жұмыс биыл екінші жыл қатарынан жалғасын тауып отыр. Бұл жобаның шетелдік әріптестер негізінде гибриді сорттарына сүйенетінін аңғаруға болады.

– Күрішпен салыстырғанда бұл дақылдың суға деген қажеттілігі шамамен 4-5 есе аз деп айтуға негіз бар. Алайда бұл жерде бір маңызды техникалық жайтты ескеру қажет. Күріш пен жүгерінің суару жүйелері бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Күріш алқаптары

Басы 1-бетте

– Бүгін аймағымыз, оның ішінде Сырдария ауданының тұрғындары үшін аса маңызды, тарихи сәтті күзесі болуға жиналды. Жылғына 150 мың тонна жүгері дақылын терең өңдейтін, 40 млрд теңгенің жана өндіріс орнының іргетасы қалануда. Зауыт заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып, 550 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. Зауыт құрылысының сәтті аяқталуына, жана нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектеспін, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Биылдан бастап өңірде жүгері егісі 15 мың гектарға дейін ұлғайтылады. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып, өңірміздің аграрлық әлеуетін жана деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Терең өңдеуге бағытталған жүгері өндірісін қолға алған шаруаларға мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсетіледі.

Думан КЕҢШІЛІК

КЕҢЕС



## ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ

Саябақ тек отбасылық демалыс орны ғана емес, жастар үшін де белсенді уақыт өткізетін алаңға айналып үлгерген. Спорт алаңдары жастардың сұранысына сай жасалғандай.

– Жаңарған саябақты көруге балаларымды әкелдім. Барлығы ұнады. Адам танымастай өзгерген саябақта жастар үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Оның ішінде спортпен айналысуға да болады. Қалада осындай орындардың көбейгені қуанғанды. Әсіресе, түнгі көрінісі керемет. Қарасаң көз тойлықтай. Жаңа кейіпке еніп, көрікті жерге айналған саябақта балалар шаттана ойнап жүр. Мұнда ботаникалық бақ, лагердің құрылысы жүріп жатқанын көрдік. Бұл балалар бос уақытын тиімді әрі жайлы ортада өткізу үшін аймақта ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын көрсетеді, – дейді көпбалалы ана Мәдина.

Қызылорда қаласы соңғы жылдары қарқынды дамып, жана мәдени және әлеуметтік нысандармен толығып келеді. Жаңарған демалыс орны қала тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуге, балалар мен жастардың спортпен айналысуына зор мүмкіндік береді.

Жаңарған саябақ – тек демалыс орны ғана емес, қала мәдениетінің

Айтқын

БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

## ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ НАЗАРҒА АЛЫНДЫ

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жинға қоғамдық кеңес төрағасы М. Кәрімбаев төрағалық етті. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселенің өзектісі – қаланы көгалдандыру, каналдар мен арық жүйесін тазалау, аяқсу жүйесін қалпына келтіру және аяқсу ұңғымасының жағдайын қадағалау.

Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Б.Шүкенов «Қаланы көгалдандыру, каналдар мен арық жүйелерін тазалау, аяқсу жүйелерін қалпына келтіру және аяқсу ұңғымаларының жай-күйі туралы» баяндады.



– Қаланы көгалдандыру бағытында «KazStroyCapital» ЖШС-мен мемлекеттік-жеке иелік әріптестігі аясында 2025 жылдың маусым айынан бастап келісім-шарт жасалды. Қызылорда қаласының аумағын көгалдандыру және абаттандыру жобасының 5 жылға жоспарланған қаржысы 17,6 млрд теңгені құрайды. Жоба қаланы жүйелі көгалдандыру,

жасыл желек көлемін арттыру және инфрақұрылымды жақсартуды көздейді. «KazStroyCapital» ЖШС «Қорқыт ата» әуежайына, орталық көшелер мен саябақтарға біржылдық және көпжылдық гүл егіліп, ірі көшелер мен саябақтарға 73,5 шаршы метр көгал төселді. Қаланың арық жүйелеріне тоқталсақ, «Жібек жолы» мен «Қызылжарма» каналындағы насос станциясы және 12 жердегі 18 су сору қондырғысы арқылы аяқсумен қамтылмақ, – деді бөлім басшысы.

Мұнан соң сөз алған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы К.Құрақбаева мүмкіндігі шектеулі балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығынды өтеу тәртібі және мөлшері туралы, ауылдық елді мекенде тұратын денсаулық сақтау, әлеуметтік

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

## ТЕРЕЗЕНІ НЕГЕ БЕКІТПЕЙМІЗ?

Күн жылынғанда терезе ашып, бөлменің ауасын тазарту адам ағзасына пайдалы екенін білеміз. Алайда ашық терезенің балалардың өміріне қауіп төндіріп, оқыс оқиғаларға кезіктіріп, сан соқтыратынын күнделікті естіп, көріп жүрсек те мән бермей қалатынымыз жасырын емес. Көп жағдайда ата-аналар баланы бақылаусыз қалдырғанынан өкінішті оқиға орын алып жатқанын айтып, төтеншеліктер дабыл қағуда. Соңғы онқұндікте қалада 4 бүлдіршін көпқабатты үйдің терезесінен құлап, аурухана төсегіне танылған. Өрине, бұл қоғамды алаңдататын жайт.

Орын алған оқиға оқиға жайлы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен жиында төтенше жағдайлар департаментінің ресми өкілі, азаматтық қорғау майоры Олжас Тұрсынбаев балалар қауіпсіздігіне бей-жай қарамай, сақтық шарасын ескеріп, баланы бір сәт бақылаусыз қалдыруға болмайтынын айтты.

Департаменттің ресми өкілінің айтуынша, 2026 жылдың басынан бері Қызылорда қаласында ата-анасының қарауынсыз қалу салдарынан балалардың терезеден құлауына байланысты 4 жағдай тіркелген.

Аталған оқиғаның басты себебі – баланы қараусыз қалдыру және терезеде қорғаныс құралының болмауы. Осыған байланысты мамандар ата-аналарды қауіпсіздік шарасын сақтауға шақырады. Балаларды қараусыз қалдырмау, терезелерге қорғаныш орнату, жиһазды терезе маңына қоймау маңызды.

– 2024 жылы – 17, 2025 жылы 7 баланың терезеден құлау оқиғалары орын алса, соңғы онқұндікте төрт бала



құлау дерегі дабыл қағуға себепші болып отыр. Жұмыс бабындағы тәжірибе дәлелденгендей, балалардың терезеден құлау себебі – ата-аналардың балаларды бақылаусыз қалдыруы, терезеде қорғаныс құралының болмауы және балалардың терезе алдында ойнауы. Осы ретте облыстық төтенше жағдайлар департаменті жыл басынан бері 3000-ға жуық тұрғынға 20 түсіндіру жұмысын жүргізіп, бұқаралық ақпарат құралында 15, оның ішінде баспасөзге 12 мақала жарияланды. Сонымен қатар мектеп оқушыларына арнайы жиын өткізіліп, қауіпсіздік ережесі түсіндірілді. Төтенше жағдайлар департаменті егер бала үйде болса, терезені ашық қалдырмау, терезенің тиісті қоршауы болмаса, торды тірек ретінде пайдаланбау, терезе, балкон немесе шыны есіктер алдында ойнап жүрген балаларға абай болу, жиһаздарды терезенің жанына қоймау, үлкендерді кішкентайға қамқор болуға үйрету маңызды, – деді О.Тұрсынбаев.

Халқымыз «сақтықта қорлық жоқ» деп берекелі айтпаған. Баланың өмірін сақтау өз қолымызда. Сондықтан төтеншеліктер айтқан ескертпелерге барынша назар аударып, қауіпсіздікті қаперден шығармағанымыз жөн.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ



## ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛ ЕМЕС

Цифрлық тенге арқылы бөлінген қаражат нақты мақсатқа ғана жұмсалды. Мәселен, жол құрылысына бөлінген қаржы тек құрылыс материалдары мен тиісті қызметтерге ғана жұмсалып, басқа бағытқа аударылмайды. Мұндай тәсіл бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуын шектеп, жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық тенге – жүйесі транзакцияларды автоматты түрде бақылауға мүмкіндік береді. Егер қаржы белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін бағытқа жіберілсе, операция жүзеге аспайды. Бұл – мемлекеттік қаржыны басқарудың жаңа тетігі.

Цифрлық тенгеге қатысты тағы бір өзекті мәселе – алаяқтық әрекеттердің көбеюі. Қазақстан Ұлттық Банкі соңғы уақытта цифрлық тенгеге байланысты жалған инвестициялық ұсыныстардың жиілегенін ескертті. Алаяқтар әлеуметтік желілер арқылы «цифрлық тенге – мемлекеттік инвестициялық жобасы» деген атаумен жарнамалар таратып, азаматтарды алдауға тырысуда.

– Халықты жоғары табыс уәделерімен қызықтырып, қысқа мерзім ішінде үлкен пайда табуға болатынын айтып, мемлекет пен Ұлттық Банктің қолдауын сылтау етеді. Осы арқылы олар азаматтарды арнайы фишингтік сайттарға бағыттайды. Мұндай сайттарда «шектеулі ұсыныс» немесе «соңғы мүмкіндік» деген психологиялық қысым тәсілдері қолданылады, – делінген Ұлттық банк мәлімдемесінде.

Жалған платформаларда пайдаланушыларға «өсіп жатқан пайда» көрсетіліп, оларды қайтадан ақша салуға итермелейді. Нәтижесінде азаматтар өз қаражатын алаяқтарға өз еркімен аударып, қаржылық шығынға ұшырайды.

Ұлттық Банк ақпараты бойынша цифрлық тенге тек ұлттық валютаның цифрлық нұсқасы және заңды төлем құралы. Яғни, ол инвестициялық құрал емес және табыс табуға арналмаған. Сондықтан цифрлық тенгемен байланысты кез келген «инвестициялық ұсыныстар» – жалған ақпарат.

Реттеуші орган азаматтарды сақ болуға шақырады. Күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз нөмірлерден келген қоңырауларға сенбеу, жеке деректерді жарияламау қажет. Сонымен қатар SMS-кодтар мен банк картасының мәліметтерін үшінші тұлғаларға бермеу – қаржылық қауіпсіздіктің басты шарты. Цифрлық тенге ел экономикасының тиімді жұмыс істеуіне бағытталып, қаржылық ашықтық пен тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.


Басы 1-бетте

Думан КЕҢШІЛІК

МАМАН КЕҢЕСІ

## АУТИЗМ: ТҮСІНІСТІК ПЕН ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Балалардың дамуы әртүрлі, кейде олардың мінез-құлқында немесе сөйлеу қабілетінде өзгешеліктер байқалады. Бұл кейде аутизм спектрі бұзылысының белгісі болуы мүмкін. Аутизм – баланың әлеуметтік қарым-қатынасын, ойлау қабілетін, тілін және мінез-құлқын қалыптастыруда ерекшеліктер туғызатын неврологиялық жағдай. Әр балада бұл бұзылыс әртүрлі көрініс табады, сондықтан белгілерді уақытында байқап, кәсіби қолдау көрсету өте маңызды.



Балалардағы аутизмнің белгілері:

Әлеуметтік қарым-қатынас қиындауы. Аутизмді бар балалар кейде көзге тіке қарамай сөйлеседі немесе өз сезімін білдіруге қиналады. Олар басқа балалармен ойнауда белсенді емес. Бұл кейде ата-аналар үшін түсініксіз көрінеді, бірақ балаға қарапайым қолдау мен түсіністік қажет.

Сөйлеу және тілдік дамуға ерекшеліктер. Кейбір балаларда сөйлеу кеш басталады, ал кейбірі сөздерді қайталап, өз ойын жеткізе алмайды. Мысалы, белгілі бір сөзді немесе сөйлемді үнемі қайталауы мүмкін. Аутизмді бар балалар кейде қарапайым сұрақтарға жауап беруге қинала немесе сөйлесу барысында эмоциясын жеткізе алмайды.

Қайталанатын мінез-құлқы. Балалар белгілі бір әрекеттерді жиі қайталауды ұнатады: қолын сермеу, бір затты үнемі орнына қою немесе бір затқа ерекше қызығушылық таныту. Бұл мінез-құлқы олардың сенімділігін арттырады және қоршаған ортаны түсінуге көмектеседі. Сезімталдық немесе қызығушылық ерекшеліктері. Аутизмді бар балалар кейде дыбысқа, жарыққа немесе иіске өте сезімтал болады. Олар жаңа ортаға немесе өзгерістерге төзімсіздік танытуы мүмкін. Сол себепті ата-аналар мен педагогтар үшін балаға бейімделген орта жасау маңызды.

Аутизм ерте кезеңде анықталса, балаға арнайы терапия, ойын жаттығулары және сөйлеу, дамыту бағдарламалары көмектеседі. Бұл баланың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, оқу қабілетін жақсартуға және болашақта тәуелсіз өмір сүруіне оң әсерін тигізеді. Ерте көмек көрсету баланың мүмкіндіктерін толық ашуға және қоғамға белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Аутизм – диагноз ғана емес, баланың әлемді қабылдау ерекшелігі. Түсіністікпен қарап, қолдау көрсеткенде аутизмді бар балалар да өз әлемін аша алады, жаңа нәрселерді үйренеді және қоғамда белсенді өмір сүре алады. Әр бала ерекше және бұл ерекшелікті қабылдау мен құрметтеу – барлығымыздың міндетіміз.

Гүлжамал ТӘЖІБАЕВА,

№3 емхананың қоғамдық қабылдау кабинетінің маманы, мейіргер

## САЙЛАУ – 2026

## Белкөл кентінің әкімі лауазымына үміткер Қалыбеков Фазыл Төрәмұратұлы



## ӨМІРБАЯНЫ

Қалыбеков Фазыл Төрәмұратұлы 1985 жылы 17 мамырда Арал ауданында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі – жоғары.

2008 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2005 жылы «Қаржы және құқық» колледжінің мұғалімі ретінде бастаған.

2006-2007 жылдары «Экономика, білім және құқық» колледжінің мұғалімі;

2007-2010 жылдары Т.Жүргенов атындағы №136 мектептің мұғалімі;

2010-2012 жылдары «Тұрғын үй қызметі» МКШК заңгері;

2012-2015 жылдары «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ инспекторы;

2016-2017 жылдары қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің консультант-көмекшісі;

2017 жылдан бастап Тасбөгет кенті әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келеді.

Отбасылы.

## БАҒДАРЛАМАСЫ

«Әкім бол, халқына жақын бол», – дейді дана халқымыз. Әкім елмен тығыз байланыста жұмыс істесе, ауылдың көп мәселесінің шешілуіне ықпалы болады. Кенттегі әрбір отбасының, әрбір азаматтың жағдайымен таныс болу, өзекті мәселелердің шешімін табуға тырысу – кент әкімінің басты жұмысының бірі. Елдің тыныштығын, халықтың ауызбіршілігін сақтау мақсатында жүйелі жұмыс істеу де негізгі басымдықтың бірі.

## НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР:

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ:

– Кент тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың әлеуетін пайдаланып, шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашу. Сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ұйытқы болу. Сонымен қатар жұмыссыз азаматтарды қажетті мамандықтар бойынша қайта даярлап, тиісті мамандық иелерін еңбекпен қамтуға жағдай жасау;

– Кәсіпкерліктің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуымен қатар, жергілікті бюджеттің нығайтуына және салық базасының ұлғаюына септігін тигізеді. Осы ретте, заман талабына сай шағын және орта кәсіпті дамыту бағытында жұмыс істеп, тұтынушылардың ең қажетті деген тауарларын өндіру бағытында тың идеяларды іздестіру және оны жүзеге асыруға ықпал ету;

– Кәсіпкерлікті дамыту бағытының оңтайлы жолдарының бірі – инвестор тартуға жұмыс істеу.

## САЛЫҚТЫ ҰЛҒАЙТУ МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ:

– Кент бойынша салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бюджетке басқа да міндетті төлемдердің түсу көлемін арттыру бағытында тиісті шаралар қабылдау;

– Ауыл шаруашылығы саласында озық технологияларды қолдану бағытында жұмыс істеу.

## КЕНТ БОЙЫНША ИНЖЕНЕРЛІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМ:

– Кенттегі жөндеуді қажет ететін көшелерді жөндеу жұмысын жалғастыру;

– Кент аумағын жарықтандыру, абақтандыру, көгалдандыру, аяқсу және санитарлық тазарту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру;

## ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ:

– Ұлт болашағы – балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, бүлдіршіндердің толықтай балабақшамен қамтылуына, оқушылар мен мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ықпал жасау;

– Кент тұрғындарымен бұқаралық спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу;

– Жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмысын жандандыру;

– Құқық бұзушылық пен қылмыстың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

– Кентте қылмыстың, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейне бақылау камераларын орнатуға ықпал ету;

– Кенттегі үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;

– Жастардың діни сауатын арттыру мақсатында танымал теологтарды шақыртып, семинарлар ұйымдастыру.

## АШЫҚ ӘКІМДІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ:

– Кент әкімдігінің қызметін халық үшін өзекті және тұрмыстық мәселелерді қарауына алу мақсатында «Facebook» парақшасын кеңінен пайдалану, «Ақсақалдар алқасы» мүшелерімен отбасы құндылықтарын сақтау үшін бітімгерлік бағытын жандандыру, мүгедектер, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың жағдайына сәйкес қабылдаулар мен кездесулер өткізу. Сондай-ақ тұрғындармен тікелей байланыс орнату үшін барлық мүмкіндікті жасау.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

## Іскер, тәжірибелі маман

Қазақта «Болам деген баланың бетінен қақпа, белін бу» деген нақыл сөз көп айтылады. Бұл «Бір іске талпанып отырған жасты аяқтан шалма, қолдан келсе, қолтығынан деме» деген сөзді дәл меңзеп тұр. Жоғарыдағы тәжірибелі маман «Талапты ерге нұр жауар» деген мақалмен түйіндеуге болады.

Мен Тасбөгет кентінде жарты ғасырдан бері тұрамын. Мемлекеттік қызмет саласында қырық жылдай еңбек еттік. Зейнетке шыққан соң да жергілікті мекемелердің ұсынысымен Тасбөгет кенті ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі ретінде қоғамдастық жиналысының мүшесі қоғамдық жұмыстарына үлес қосып келемін. Осы қоғамдық жұмыстарды атқару барысында кент әкімі аппаратының қызметкерлерімен тығыз араласып тұрамын. Сол ретте Фазыл Қалыбековтың мемлекеттік қызметтегі қарым-қабілетін көріп-біліп жүрміз. Ол он жылға жуық Тасбөгет кентіндегі бас маман лауазымындағы қызметінде өзіне жеткілікті деңгейде тәжірибе жинақтаған. Фазыл Қалыбековтің бас маман лауазымына бекітілген функцияларды міндеттерін өз деңгейінде атқарып жүргенін байқап жүрміз. Қызмет барысында кімнен қалай сөйлесуді жақсы меңгерген. Тұрғындармен ортақ түсіністік орната біледі. Кенттегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына айтарлықтай атсалысып, кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті адамдарға оны қалай бастаудың жолын көрсетіп, жыл сайын жаңа кәсіпкерлік нысандардың ашылуына ықпал жасап келеді. Бұған салық базасын ұлғайту, бюджетке басқа да міндетті төлемдердің түсуін көбейту, кенттің инженерлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстарына барынша көмек көрсетіп келе жатқанын да айта кеткен жөн болады. Фазыл Қалыбековтің Белкөл кенті әкімі лауазымын атқаруға осы кезге дейін жинақтаған тәжірибесі мен іскерлік қабілеті жетеді.

## Қабалаш ШАҒЫРҰЛЫ,

Қызылорда облысының құрметті ардагері  
Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

## Қызылорда қаласы бойынша ашылған «Құқық кабинеттері» тізімі

№	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Тасбөгет кенті, көшесі Зейнулла Шүкіров, ғимарат 11
1	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Белкөл кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Белкөл кенті, Шағын ауданы Жана, құрылыс 13
2	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Қызылжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Қызылжарма ауылдық округі, Қызылжарма ауылы, көшесі Қалмақ Сексенбаев, үй 13
3	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Талсуат ауылы, А.Құнанбаев көшесі, № 25
4	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ақжарма ауылы, А. Құнанбаев №9
5	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ақсуат ауылдық округі, Ж.Махамбетов ауылы, көшесі Остай Жұқанов, үй 22А
6	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Қосшыры ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Қосшыры ауылдық округі, Қосшыры ауылы, көшесі Бейбітшілік, ғимарат 79
7	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Қаруылтобе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Қаруылтобе ауылдық округі, Қаруылтобе ауылы, көшесі Абай Құнанбаев, ғимарат 29
8	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласы Қаруылтобе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Қаруылтобе ауылдық округі, Қаруылтобе ауылы, көшесі Абылай Хан, үй 44
9	Қызылорда қаласы әкімі аппараты	Ы. Жахаев 16

Қызылорда облысы Әділет департаменті

## ҚАЗАҚША ЕСІМДІ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫРАЙЫҚ НЕМЕСЕ АРАБША АТТАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдары қазақ антропониамиясындағы қазіргі тенденциялар туралы зерттеу жүргізген екен. Олар 2000 жылдан 2018 жылға дейінгі жаңа туған сәбилердің есімдерін зерттеп ұлттық антропониамиядағы өзгерістер мен қазіргі үрдістерді назарға алған. Сондай-ақ зерттеу тобы мұрағаттағы туу туралы жазбалардан ер және қыз балалардың есімдерін қамтыған. Авторлар Қазақстанда жаңа туған балаларға ат қою дәстүрінде айтарлықтай өзгерістер болғанын мәлімдеген. Деректерді мұқият талдау барысында 2000-2018 жылдар аралығында ер және әйел есімдерінің ішінде араб тілінен шыққан есімдер басым екені анықталды. Ұлттық статистика бюросы сайтынан соңғы жылдары қандай есімдер көп қойылып жатқанын білу үшін зерттеп көрдік. Нәтижесінде 2024 жылдың қаңтарындағы дерек бойынша ең көп қойылған танымал есімдер катарына көбіне араб есімдері алдыңғы орында тұр. Жас ата-аналар М е д и н а, Мұхаммед, Айлин, Айша сынды есімді коюды жөн көрген.

мен жазба кітаптары деңгейінде ғана болған. Қазақ тіліндегі кірме араб сөздері көбіне руханиятқа қатысты. Мысалы, ақыл, дәулет, рух, тәлім, қадір, қасиет, пайым, есеп және тағы да басқа сөздердің түп төркіні араб тіліне тіреледі. «Кейін патша үкіметі қазақтың басын айналдырып ұстау үшін дін уын септі» – дейді ғалым Құдайберген Жұбанов. Екатерина патша 1781-1784 жылдары қазақ даласына мешіт,

Зерттеуші әрі Қазақша Уикипедия әкімшісі Қайыр Рысбаев соңғы уақытта араб есімдерінің көбеюі сөнге айналғанын айтады. «Адамдар қазақша аттардың мағынасы анық болған соң ба, мүмкін, жұмбақ ат қойғысы келеді» – дейді ол.

– Қазір Мұхаммед деген есімді қорықпай қоя берді. Бұрынғылар «ауыр ат қоюға болмайды» деп Мұхаммедқали, Мұхаммеджан деп қоятын.



Айта кететін жайт, қазақ арасында араб-парсы есімдері көп қойылса да үндестік заңына бағындырып өзгертіп алған. Араб тілінен енген есімдердің қазақ табиғатына икемделуі де қызық. Халқымыз арабтың ауыр дыбысталатын сөздерін жұмсартып, айтуға жеңіл жіңішке дыбыстарды қолданған. Мәселен, Габдурахман есімін Әбдірахман, Ғабдолла есімін Әбділла, Ибраһим есімін Ыбраһи, ал Мұхаммед деген атты Мәмбет, Мұқаш, Мұқан десе, Фатима есімі Батима, Пәтима болып өзгеріске ұшыраған. Қайыр Рысбаев қазақ есімдерін ұлттық стандартқа келтіру қажеттігін алға тартады. Балаға ат қоярда көбіне түпнұсқаға ұмтылып, өз тіліміздің табиғаты ескерусіз қалатынын айтады.

– Мысалы, Осман деп ат қойып жүрміз. Бірақ қазақ оны бағзыдан Осман деп атап кеткен. Мұхаммад деп емес, ана тілімізге бейімдеп, жұмсартып, Мұхаммед деп атаған жөн. Тілімізге енген әрбір сөз қазақы үнмен жаңғырып, жаңа ренке ие болады. Демек, есімдерді түпнұсқаға жақындату емес, қазақыландыру қажет. Есім – ұлттық айна десек, сол айнадан өз болмысымыз айқын көрінуі тиіс, – дейді зерттеуші.

2020 жылы Ұлыбританиядағы «Mumsnet» порталы 1000-нан астам ата-ана арасында сауалнама жүргізіп, олардың таңдаған есіміне не себепті өкінітін анықтаған екен. Нәтижесінде балаға есім таңдағанда өкініп қалмау үшін мына кеңестерді ұстанған. Респонденттердің көбі есімінің тым жиі кездесетініне өкінес, одан кейін туыстарының немесе айналасының қысымына шыдамай, өздеріне ұнамаса да, солар айтқан есімді қойғанына қынжылатынын айтқан. Ал сауалнамаға қатысқандардың бір бөлігі бала-сына айтылуы немесе жазылуы қиын есім таңдағанына өкініш білдірген екен.

2025 жылдың қаңтар айының дерегінде алғашқы бестікте танымал Айсултан, Әлінуір, Алдияр, Хамза, Омар есімдерін байқауға болады.

Тарихшы Назира Нұртазина Иран мен Орта Азиядағы басқа елдерге қарағанда Қазақстан арабтардың экспансиясына ұшырамағанын айтады. Қазақ халқының ата-бабалары арабтармен тікелей қарым-қатынаста болмаған. Олардың арасындағы байланыс жанама түрде, мәдени дүниелер

медресе салдырып, мұсылманша оқытылсын деп бұйырған. Осылайша Петербурда арабша баспахана ашылып, Құранды қазаққа тегін таратылсын деген тәртіп енгізілген. 1798 жылы Орынбор губернаторы Игелстромға мешіт салып, сонда қазақ балалар оқысын деп тапсырып, медресені қаржыландыруға 2007 сом бөледі тапсырған. Осындай заңмен қазақ даласына арнайы молда дайындала бастаған. ХХІ ғасырдың жартысына дейін созылған бұл саясат арқылы қазақ арасына дін таралып, араб-парсы сөздерінің толығы бастауына себепші болған.

Бір жылдары кәсіпкер Нұрсейіт Жылқышыбай балаға ат қоюға қатысты қызық мәлімдеме жасады. Жалпы қоры 3 млн теңге болатын, алғашқы 10 балаға 300 мың теңгеден сыйақы беретінін айтқан ол жаңа туған сәбиле Құнанбай есімі қойылуы керек деп шарт қойды. Ол өз мақсатын ақша таратып «хайп» жасау емес, Абайды Абай қылған Құнанбайдың есімін қайта жаңғырту екенін айтқан. Өкінішке қарай, қазір қазақ баласына өсіп-өніс деп Өскенбай, мықты болсын деп Мықтыбек қоймайтыны белгілі.

Тойда асаба боп қызмет етіп жүрген Нұрболат Қадіров соңғы жылдары балалардың есімдеріндегі өзгерісті байқағанын айтады. Қазақ есімдерінің азайғанына қынжыла сөйлеген асаба той басқаруға барғанда Айлин, Айша, Мұхаммед, Медина, Раяна сынды арабша есімдердің көбейгенін байқаған.

– Кешегі Қыран, Мөлдiр, Айлана, Назерке, Гүлім, Сапар деген есімдер көп қойылмай жүр. Балаға есім қоярда отбасы мүшелерінің бәрі де атталуы керек. Осы орайда айтар кеңесім, отбасы мүшелері ұнаған 5 есімді таңдап, талқылап ішінен біреуін анықтауға дұрыс. Баланың тағдыры есімінен басталады. Сол себепті бұған салғырт қарамай, қазақ есімдерін трендке алып келуге жұмыс істеу қажет. Бұл ұлт қанын ойлайтын адамның ойында жүретін мәселе десем артық айтқаным емес. Бұрын осындай атамыз болған, сол есімді қойық деген дәстүр де қалып барады, – дейді асаба Нұрболат Қадіров.

Қазір қазақ жастары арасында ерекше серпіліс байқалады. Жастар баласына ат қоярда сырттан келген үгілдерге емес, өз тарихын, рухына үңіле бастағандай. Арабша есімдерден саналы түрде бас тартып, оның орнына көне түркілік есімдерді ұсынады. Түп тамырды тануға деген ішкі ұмтылыстан Бумын (мағынасы «бастаушы, құрушы, іргетас»), көне Түркі қағанатын құрған алғашқы қаған), Білге (мағынасы «данышпан, ақылды»), Асена (түркілердің тегі саналатын мифтік қасқыр), Едіге, Баршын, Күлтегін, Хақназар сынды есімдерді қоюды қалайтынын айтып жүр. Бұл жастар үшін тек сән, еліктеу емес, тарихи жадымен үндесу іспеттес.

Есім таңдау жай ғана әдемі дыбыс емес, баланың болмысы мен ұлттық бірегейлігін айқындау. Бүгінгі таңда жеткіндік есімдеріне емес, қазақша атқа бет бұру – тарихи қажеттілік. Есім тек баланың тағдыры ғана емес, ұлттың ертені. Сіз баланың қандай есім қойдыңыз?

Думан КЕІШІЛІК

